

9-рухани әндердің тексти

Барлық аспан атыңды мадақтайды Ием. Сенің көркің немен теңеседі екен?

Қ-сы: / Мәңгі отырасың / 2р, / Жарқыраған тақта / 2р/ Тек Сенің алдыңда / 2р. Тізе бүгемін мен.

2. Мадақтаймын Сенің даңқыңды Жан Ием. Сен біз үшін, Өміріңді құрбан еттің.

3. Аялаймын Сенің Сөзіңді Жан Ием. Жаратушым, бір Өзіңе дұға етем.

/Әлемнің бәрін Құдай жаратқан, Ешнәрсе Онсыз пайда болмаған./ 2 рет

Қ-сы: Мадақтаймын Сені, Мадақтаймын Сені, Ием. Мадақтаймын Сені мәңгілік. Аумин

2. /О, неткен бай Құдайдың даналығы, Неткен терең Оның білік-парасаты!/ 2 рет

Алып шыққан түнектен, Өміріме солмас гүл еккен. Үмітімді артамын Саған, Тәңірім.

Жай үнімді естіген. Шығарды тұңғиықтан, Аққан көз жасымды тиылтқан.

Алғысым менің шексіз Саған, Тәңірім. Аяғыма берік тұрғызған.

Қ-сы: Мен жаңа бір ән айтамын, айтамын. Енді үнсіз қарап тұрмаймын. Мен жаңа бір ән айтамын Құдайға, Сүйіспеншілігімді жырлаймын.

2. Бақытты болар адам, Жаңа өмірге жасап қадам. Таусылмас керемет істері Тәңірдің,

Мәңгі өмір сыйлаған. Барлық адам қуансын, Жан-тәнімен Саған ұмтылған.

Дауыстап Сені мадақтасын, даңқтасын, Ұлы Құдай, Ұлы Құдай.

Ием, Саған қол созамын мен, кеудемді шаттық кернейді. Күш аламын жалғыз Өзіңнен, Алақаныңда тербейді.

Қ-сы: Киелі қолы Исаның, Сақтады мені күнәдан. Ашып жұмақ есігін. Құтқарды мені тозақтан.

Нұрсың Сен, киелі Сенің қасиетің. Біз үшін бағасыз кешірім бергенсің. Таусылмайды рақымың, шексіз құдіретің, Тәңірім, неткен сонша ұлы едің.

Қ-сы: Нұр шаштың әрбір басқан қадамыма, Жол аштың жұмаққа біз бара алуға.

О, Құдай, шындығыңды аштың маған, Сен ғана жүрегімнің бол тағында.

2. Киелі сөздерің әсер еткенде, Жан-дүнием жайнайды раушан гүліндей.

Бақытым, байлығым Сенің қолыңда, Барымды арнаймын Сенің жолыңда.

Мәсіхтің сүйіспеншілігі, орнасын жүрегіңде. Бауырым шын көңілден, Саған деген тілегімде

Қ-сы: Сені күтсе ауыр күндер, қайғы-мұңға малынған. Қайратты бол, Иса бізбен.

Шығады Ол сенің алдыңнан.

2. Аспанда Құтқарушымыздың, орны бар дайындаған, Бар қайғың аяқталар, Жер бетінде уайымдаған.

Сенемін мен сенемін ұлы Құдайыма. Рақымын төкті Құдай жанарыма.

Қ-сы: Жан – тәніммен Жаратқан Иемді мадақтаймын, Шын жүректен ардақтаймын қасиетті атын. Жан – тәніммен Жаратқан Иемді мадақтаймын, Жасаған жақсылығын ұмытпаймын.

2. Ол бізді күнәмыздан тазалайды, Ісімізге қарап есесін қайтармайды.

3. Ұмтылыңдар бауырлар, Құдайдың жолына, Мәңгілік шынайы жол Иса Иемізде.

1. Пәк жүрек! Тағзым ететін пәк жүрек, көкке жететін пәк жүрек, соны сұраймын.

Пәк жүрек! Бәрін сүйетін пәк жүрек, Адал ниетті пәк жүрек, Соны сұраймын.

Қ-сы: Тас жүрегімді жібіт, Берші Өзің сенім, үміт. Болсыншы ой-санам тұнық.

Шақырам, Тәңір, Сені, Қаныңмен тазарт мені. Сұраймын Сенен пәк жүрек.

1. Мейіріміңе толы бар әлем, мейіріміңді күнде мен көрем. Мейірімің соттан да үстем,
Биік, жоғары барлық күштен.

Қ-сы: Құнымды өтеп, ақтадың, Азат еттің, сақтадың. Құнымды өтеп, ақтадың, Күнәдан Сен
ақтадың.

Шаттанайық барлығымыз, Иса Тәңір – ән-жырымыз.

Қ-сы: Құдыретті Құдайым, Мәңгіліктің Құдайы. Құрбан еттің өлімге, Күнәм үшін Ұлыңды.

2. Бұл өмірде мен адастым, Сен мені сүйдің, таңдап алдың.

Кел, Құдайға тағзым етуге, кел, қасына, көкке жетуге. Кел, мойынсұнып Оған сен,
Кел, бақыт таппайсың бұған тең. Кел! Кел, мадақ айтып Исаға, Кел, жүрегіңді Оған арна,
Кел, бүгін табын Исаға, Кел, жалғыз Құдай – Иса Мәсіх. Кел!

Қ-сы: “Құдайым” - деп мойындайды халық, Тағы да келесің анық. Сенгендер жұмаққа
барады, ұлы сый алады. Уақыт келер, бәрі Сені көрер, Барлық халық Сені таныр, Ал
қазір Сені тыңдағандар, Шын бақытты болар. Кел!

1. Дұға етем аспанға жетуге, сол жердегі Патшама ән арнаймын мен. Жарық сәуле сөнбейтін
мекенге, қалып қоймай жетсем екен.

Қ-сы: Қазақстан жерімізге, Төгіледі Оның нұры. Келді біздің төрімізге, Иса Мәсіх – Құдай Ұлы.

2. Шын жүректен сенемін мен Оған, Жетелейді Ғажайып көктегі үйге. Тыныштықтың қайнар көзі
болған, Еремін мен тек Мәсіхке.